

«Бекітемін» *А.А.Ақбаева*
«Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК
А.А.Ақбаева
« 01 » маусым 2023ж



«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі» ММ
«Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплеанс –қызметі туралы ереже**

И Білтабанов 2023жыл

І.Жалпы ережелер

1.«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» ММ «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметі туралы ереже(бұдан әрі ереже) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансты жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» ММ «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК (бұдан әрі –балабақша) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруда біріңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленеді.

2. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалардағы ұғымдар қолданылады;

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс – тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің балабақшаларға жүктелетін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2)сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 3) мүдделер қақтығысы- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың ,мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық- бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу, және жою жөніндегі қызметі;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл –лауазымды тұлғалардың, балабақша жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп- тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

8) сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың профилактикасы –лауазымды тұлғалардың, балабақша қызметкерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары мен функциялары

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызметтің негізгі мақсаты балабақша және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметінің міндеттері ;

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансты жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) МДҰ басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанстың тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс- қызметінің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) МДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансты жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеансты жетілдіру.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметіне келесі функциялар жүктелген:

1. МДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар санатына жататын балабақша жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) МДҰ жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауларын бақылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
- 11) МДҰ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 12) МДҰ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;
- 14) МДҰ жасалатын азаматтық – құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметтің құқықтары мен міндеттері.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметтің құқықтары мен міндеттері.

- 1) Ұйымның ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде МДҰ құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды,оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;
- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған балабақша туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметіне жүгінген тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс мәселелері бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез-келген жағдайлар туралы балабақша басшысын және \немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызмет есеп беретін өзге де адамды(органды) уақытылы хабардар ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет – мектепке дейінгі ұйымының (әрі қарай МДҰ)басшысының бұйырығымен бекітілетін, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл туралы заңнамасына және МДҰ ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыратын ұйым қызметкерлерінің құрамынан құрылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет Ақтөбе облысының білім басқармасына есеп береді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметі қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілікгі олардың лауазымдық нұсқауларында не қызметкердің қызметтік құқытары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда айқындалған.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметіне мынандай функцияларды жүктеу ұсынылады.

1) МДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл мәселелер бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс –шараларын жүргізу;

4)мүдделер қалыбысын анықтау,мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МДҰ жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындау тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6)корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7)МДҰ жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы,сондай – ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауларын бақылау;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл агенттігі төрағасысының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»бұйырығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа ішкі талдау жүргізі;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;

10) сыбайлас жемқорлық және /немесе оған қатысу фактілер туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;

11) МДҰ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;

12) МДҰ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;

14) МДҰ жасалатын азаматтық –құқықтық шарттарға,оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама,іскерлік этика және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

12. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметке мынадай құқықтар мен міндеттерді беру ұсынылады:

- 1) ұйымның ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде МДҰ құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі есеп беретін МДҰ басшысының немесе өзге тұлғаның (органның) қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;
- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- 6) МДҰ және оның үлестес тұлғалары ақпаратының,сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялығын сақтау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметіне жүгінген тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс мәселелері бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс –қызметі есеп беретін МДҰ басшысын және \немесе өзге де тұлғалардың (органды) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез-келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметіне ақпарат беру арнасы құрылды, сенім телефоны 8(713)4172-1-69 , бұл бойынша

азаматтар МДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алады не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мүшесі мүдделер қақтығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шеңберінде қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б) қатыспауы тиіс.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің құрамы Балабақша қызметкерлерін жұмысқа қабылдаған сәттен бастап, басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде сыбайлас жемқорлыққа

қарсы заңнаманың талаптарына жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз етуі керек (жылына кемінде 1 рет).

16. Оқыту нысандарын өткізу әдістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқынды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Балабақшаның ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері көрсетіледі.

5. Қорытынды ережелер

19. Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Балабақша басшыларының бұйрығымен бекітіледі және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Ережені әзірлеген:

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Нұрмағамбетова Айдана Құрманғалиқызы	Комплаенс -офицер		03.06.23

Келісілді:

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Акбаева Айгуль Айгожаевна	Балабақша директоры		01.06.23